

Павлодар облысының  
білім беру басқармасы,  
Ақсу қаласы білім беру бөлімінің  
«Ақсу қаласының № 4 орта мектебі»  
коммуналдық мемлекеттік  
мекемесі

Коммунальное  
государственное учреждение  
«Средняя школа №4 города Ақсу»  
отдела образования города Ақсу,  
управления образования  
Павлодарской области

## **БҰЙРЫҚ**

2023 жылғы 11 қазан

Ақсу қаласы

## **ПРИКАЗ**

№ 1-06/355-1

город Ақсу

**2023-2024 оқу жылының басталу  
және аяқталу мерзімдерін,  
сондай-ақ білім алушыларды  
қорытынды аттестаттаудан өткізу  
мерзімдерін айқындау туралы**

«Ақсу қаласының білім беру бөлімі» ММ - нің 10.10.2023 жылғы «Ақсу қаласы мен ауылдық аймақтың білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін айқындау, сондай-ақ қорытынды аттестаттауды өткізу мерзімдерін айқындау туралы» 1-04/770 бұйрығы негізінде. **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Оқу және тәрбие – ісінің менгерушілері, мектеп мұғалімдері осы бұйрықта көрсетілген оқу жылының басталуы мен аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ қорытынды аттестаттауды өткізу мерзімдерін орындауды қамтамасыз етсін:

1.1 2023 жылғы 1 қыркүйек – 2024 жылғы 25 мамырды қоса алғанда:

1-11 (12) сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы:

1-тоқсан – 8 оқу аптасы, күзгі демалыс – күнтізбелік 7 күн (2023 жылғы 30 қазаннан бастап 5 қарашаны қоса алғанда);

2-тоқсан – 8 оқу аптасы, қысқы демалыс – күнтізбелік 10 күн (2023 жылғы 29 желтоқсаннан бастап 2024 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда);

3-тоқсан – 10 оқу аптасы, көктемгі демалыс – күнтізбелік 11 күн (2024 жылғы 21-31 наурыз аралығында);

1-сыныптарда қосымша демалыс – күнтізбелік 7 күн (2024 жылғы 5-11 ақпан аралығында).

4-тоқсан – 8 оқу аптасы.

1.2 Қорытынды аттестаттау мерзімдері:

9 (10)-сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – 2024 жылғы 29 мамырдан бастап 10 маусым аралығында;

11 (12)-сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – 2024 жылғы 28 мамырдан бастап 11 маусым аралығында.

1.3. Қорытынды аттестаттауды өткізу мерзімдері:

9 (10)-сынып оқушылары үшін:

1) орыс тілінде білім беретін мектептер үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектеп білім алушылары үшін - жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) – 2024 жылғы 29 мамыр;

2) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) – 2024 жылғы 3 маусым;

3) орыс/өзбек/ұйғыр/тәжік тілінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) және қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) – 2024 жылғы 6 маусым;

4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – 2024 жылғы 10 маусым;

11 (12)-сынып оқушылары үшін:

1) қазақ тілі/орыс тілі бойынша және ұйғыр/тәжік/өзбек тілінде білім беретін мектептер/сыныптар үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан – 2024 жылғы 28 мамыр;

2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан – 2024 жылғы 31 мамыр;

3) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан – 2024 жылғы 4 маусым;

4) орыс тілдерінде оқытатын мектептерде/сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан – 2024 жылғы 7 маусым;

5) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзілік тарих, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – 2024 жылғы 11 маусым.

2. Ұйымдастырылған оқу жылының басталуы мен оқу жылының аяқталуы аясындағы іс- шаралардың сапасына, сондай- ақ мектепте емтихандарды өткізуге жауапкершілік оқу – ісінің орынбасары Айгуль Накышпановна Абиловаға жүктелсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры



*Jm*

Ж. Калиева